

3. Айтымқызы, 3-курс

Ғылыми жетекшісі: А. О. Шакенов, криминалистика кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ЭКСУМАЦИЯ: ҚЫЛМЫСТАРДЫ АШУ МЕН ТЕРГЕУДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТАКТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге, көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдайлықтар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, арнамысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

Марқұм болып, бақилыққа аттанған адамды жер бесікке бөлеу — рухани мәдениетіміздің, төл менталитетіміздің баға жетпес құндылығының айқын белгісі. Марқұмның жатқан жері қайтыс болған адамның туған-туыстары, ағайындары үшін киеліге саналып, ерекше мәні бөлек қасиетті тәжім ету орнына айналады. Дүние салған адамдардың жерленген жерлерін — мәңгілік мекенін қорлау, мазақ қылу кез келген халық үшін шектен тыс шыққан ауыр қылмыс ретінде бағаланады.

Бірақ, ақиқатты анықтау мақсатында қылмыстарды ашу, қылмыскерді әшкерлеу және қайтыс болған адамның ақ адал атын ақтау ниетінде, әділдікті орнату үшін марқұм болған адамның тыныштығын бұзуға бағытталған, мәйітті жерленген жерінен қазып алу әрекеті — амалсыз қажеттіліктен туындайтын іс. Қылмыстық іс жүргізуде аталған іс-әрекет — эксгумация деп аталады.

Эксгумация, басқа тергеу әрекеттерімен салыстырғанда, өзінің орындалу жағынан күрделілігімен қатар, қылмыстық істе маңызды орын алатын арнайы мәселелерді шешудегі мүмкіндігінің молдығымен ерекшеленеді¹.

Заң әдебиеттерінде эксгумацияның процессуалдық және ұйымдастырушылық аспектілері, күні бүгінге дейін кешенді түрде әліде болса толығымен ашылмаған. Жарық көрген қолда бар ғылыми еңбектерде, эксгумацияға арналған көкейкесті мәселелерінің белгілі бір бөлігі ғана қаралған және оларда мазмұндалған деректер мен ұсынымдар теориялық және тәжірибелік қажеттілікті қанағаттандыратын емес.

Бұл орайда аталмыш тергеу әрекетінің процессуалдық тұрғыдағы кейбір сұрақтары, оның қылмыстық іс жүргізу заңнамасында жеке тергеу әрекеті ретінде дербестілігі толықтай анықталмағандығын және қажетті шартты нормаларының бірқатар ескіргендігімен түсіндіріледі. Айталық қолданыстағы Қазақстан Республикасының ҚІЖК-де эксгумация бөлек баппен (225-бап) көрсетіліп, тергеулік қарауға арналған 27-тарауға енгізілген. Соның салдарынан кейбір тәжірибе жүзінде қызметкерлер эксгумацияны тергеулік қараудың бір түрі ретінде қабылдап, қылмыстық іс-жүргізуде эксгумацияны тергеулік қарау тергеу әрекетінің құрылымды элементі деп біледі². Ал көптеген ғалымдар эксгумацияны басқа тергеу әрекеттерінің, оның ішінде тергеулік қараудың жүргізілуіне қамтамасыз етуге жататын ұйымдастырушылық шара ретінде қарастырған.

Дегенмен де, жоғарыда біз атап кеткен сұрақтардың жекелеген аспектілерін шешуде белгілі бір дәрежеде оң қабақпен қараған ілгері басушылық байқалуда. Айталық, бұрынғы

ҚазССР қылмыстық іс-жүргізу кодексінде эксгумацияны тергеулік қарау тергеу әрекетіне арналған бапта жол-жөнекей ғана аталып өтілсе, 1998 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде эксгумация тергеулік қарау тергеу әрекетімен бір тарауға енгізілсе де, бөлек баппен көрсетілген, соған байланысты эксгумация бөлек тергеу әрекеті мәртебесіне ие болып отыр. Осыған байланысты алдын ала тергеудегі эксгумация сұрақтарын теориялық және тәжірибелік тұрғыда қарастыруға шынайы мүмкіндік бар³.

Сонымен қатар эксгумацияға қатысты процессуалдық аспектілер отандық заң ғылымы саласында қазіргі кезге дейін, оның теориялық сипаттағы мәнді сұрақтар шеңберінде кешенді қарастырылып, зерделеніп, зерттелінбеген. Ал бұл сұрақтардың жекелеген бөліктері қарастырылған еңбектерде эксгумация тергеу әрекетіне тиісті деңгейде көңіл бөлінбей, ғылыми тұрғыда талқыланбаған және олардың көбісі бұрынғы кеңестік және ресейлік заңнамаға негізделген.

¹ Шиканов В. И. Эксгумация трупа в системе следственных действий. — Иркутск, 1980.

² Толеубекова Б. Х., Капсалямов К. Ж., Шнарбаев Б. К., Бекишев Д. К. Уголовно-процессуальное право РК (часть Особенная). Досудебные стадии. — Алматы, 2002.

³ Гинзбург А. Я. Осмотр места происшествия. Освидетельствование. — Алматы, 1998.